Бірлестік отырысында қаралды:
Бірлестік жетекшісі:
Н.Т.Елтаев
Хаттама №1
«27» тамыз 2027 ж.

Келісемін:
«ZIYATKER TURAN» ЖШС
ДОІЖО:
Л.С.Исабаева
«27» тамыз 2026 ж.

Бекітемін:
«ZIYATKER TURAN» ЖШС
директоры:
Ы.А.Жаутиков
«27» тамыз 2026 ж.

К Ү Н Т І З Б Е Л І К Т А Қ Ы Р Ы П Т Ы Қ Ж О С П А Р

Пәні: Конституция негіздері

Сыныбы: 7 «A, B, K, L»

Мұғалімі: Әлайдар Нұрлыбек Ерғалиұлы

«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы

2026-2027 оқу жылы

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-7-сыныптарына арналған «Конституция негіздері» курсының үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (ҚР ОАМ 2025 жылғы 12 қаңтардағы №12 өзгертулермен) сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген).

2.Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-7-сыныптарына арналған «Конституция негіздері» курсының бағдарламасы білім алушыларды Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі ережелерімен таныстыру, құқықтық сауаттылық пен құқықтық мәдениетін және оны күнделікті өмірде қолдану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

3.Бағдарламаны әзірлеуде мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағдарлары, соның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауының негізгі идеялары басшылыққа алынды.

4.Бағдарлама мазмұны 5-7-сынып білім алушыларының жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес, практикаға бағытталған оқыту қағидаттары негізінде жүйелі түрде құрылып, функционалдық сауаттылықты, сыни ойлауды және құқықтық білімді күнделікті өмірде қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған.

5 Курстың мақсаты: білім алушыларда базалық құқықтық білімді, Қазақстан Республикасы Конституциясына құрметпен қарауды, құқықтық мәдениет пен жауапкершілікке негізделген азаматтық мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру

6. Курстың міндеттері:

1) білім алушыларға Конституция, адам құқықтары мен міндеттері туралы базалық білім беру, заң мен тәртіп қағидаттары туралы түсінік қалыптастыру;

2) өмірлік жағдайларға талдау жасай алу дағдыларын қалыптастыру және Конституция нормаларын күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;

3) заңды құрметтеу, заң нормаларын орындау, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік сезімін және цифрлық ортада қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелеу.

4) Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі ережелерін зерделеуде цифрлық ресурстарды, оның ішінде жасанды интеллект құралдарын құқықтық мәдениетті сақтау, этикалық құндылықтарды қастерлеу арқылы сыни

тұрғыдан қолдану дағдыларын қалыптастыру;

5) ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың тең дәрежеде білім алуына қол жеткізуі үшін жағдай жасау.

6) Курстың мазмұны білім алушылардың бойында «Адал азамат» құндылықтарын («Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ынтымақ», «Әділдік және Жауапкершілік», «Заң мен Тәртіп», «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік», «Жасампаздық және Жаңашылдық») қалыптастыруға және мемлекеттік егемендік пен тәуелсіздікті қамтамасыз ету, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау, еңбексүйгіштік пен прогреске ұмтылуды дәріптеу, білім мен ғылымды дамыту, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, тарихи-мәдени мұраны сақтау және ұлттық мәдениетті қолдау қағидаттарын іске асыруға бағытталды.

2-тарау. «Конституция негіздері» курсының мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Конституция негіздері» курсының мазмұны

7. «Конституция негіздері» курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта аптасына 0,25 сағатты, оқу жылында 9 сағатты

2) 6-сыныпта аптасына 0,25 сағатты, оқу жылында 9 сағатты;

3) 7-сыныпта аптасына 0,25 сағатты, оқу жылында 9 сағатты құрайды

Курс бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

8.«Конституция негіздері» курсының базалық мазмұны

Оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып әзірленген және білім, білік пен дағдыларды қалыптастырудың сабақтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз ететін оқу мазмұнын біртіндеп күрделендіру қағидаты негізінде құрылған:

№	Бөлім	5-сынып	6-сынып	7-сынып
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы және оның біздің өміріміздегі рөлі	Конституция – мемлекеттің негізгі заңы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері	Конституцияның үстемдігі. «Заң мен тәртіп» қағидаты	Конституция және билік. Билікті тармақтарға бөлу қағидаты.
2	Адам, оның құқықтары мен бостандықтары	Бала құқықтары: өмір сүру, есім	Жеке құқықтар: сөз және ар-ождан бостандығы, жеке	Кінәсіздік презумпциясы

		алу, отбасы, білім алу	басына қолсұғылмаушылық, еркін жүріп-тұру	
3	Мемлекетті басқару құрылымы	Негізгі билік органдары туралы түсінік (Президент, Құрылтай, Үкімет)	Негізгі билік органдарының функциялары (қызметтері) (Президент, Құрылтай, Үкімет, Соттар)	Мемлекет өміріндегі Президенттің, Құрылтайдың, Үкіметтің және Соттың рөлі
4	Мен және заң: құқықтарды қорғау, міндеттер, қауіпсіздік (Практикум)	Жеке қауіпсіздік алгоритмдері. Практикалық жұмыс: «Мектептегі менің құқықтарым мен міндеттерім», «Мектептегі менің қауіпсіздігім», «Табиғатты қорғауға көмектесейік!» тақырыптары бойынша жадынама құрастыру	Цифрлық ортадағы (интернеттегі) құқықтық мінез-құлық. Қоршаған ортаны қорғау Практикалық жұмыс: әлеуметтік желілердегі жазбалар (посттар) бойынша жағдаяттық кейстерді талдау	Құқықтарды қорғау үшін мемлекеттік органдарға жүгіну алгоритмдері. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы құқық бұзушылықтар және жауапкершілік. Практикалық жұмыс: құқықтық жағдаяттарды модельдеу

9. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын мұғалім бөледі.

2-параграф. Ұзақ мерзімді жоспар

5 -7 сыныптарға арналған «Конституция негіздері» курсын іске асырудың ұзақ мерзімді жоспары

10. Ұзақ мерзімді жоспар курс бойынша оқытудың мазмұны мен құрылымын айқындайды.

11.Тақырыптарды жоспарлау кезінде педагог білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен дайындық деңгейін, курстың практикаға бағыттылығын ескере отырып, практикалық тапсырмалардың мазмұнын өзгерте алады.

7-сынып

№	Сабақтың тақырыбы	Оқу мақсаттары	Практикалық тапсырма	Сағат саны	Күні	
					7 А	7 В
1	Конституция билікті асыра пайдалануға қалай жол бермейді?	Қазақстан халқы – мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы екенін және бұл қағидаттың билікті теріс пайдаланудың алдын алудағы рөлін түсіндіру	«Жауапты азамат болу дегеніміз не?» немесе «Билік халыққа қалай қызмет етуі керек?» тақырыптарында қысқаша жазба тапсырма немесе эссе жазады		08.09	09.09
2	Билікті тармақтарға бөлу қағидаты. қалай жұмыс істейді?	Мемлекеттік биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну қағидатын түсіну	«Мемлекеттік билік тармақтары» сызбасын тиісті органдар мен олардың негізгі қызметін көрсете отырып толтырады		22.09	23.09
3	Кінәсіздік презумпциясы қағидаты қалай қолданылады?	Құқықтық жағдаяттарды талдау барысында кінәсіздік презумпциясы қағидатының қолданылуын түсіндіру	«Детективтер айғақтар іздейді» рөлдік ойыны Білім алушылар дәлелдер мен сот шешімінсіз адамды кінәлі деп тануға болмайтыны туралы қорытынды жасайды..		06.10	07.10
4	Сотта кінәсіздік презумпциясы қағидаты қалай қолданылады?	Құқықтық жағдаяттарды талдау барысында кінәсіздік презумпциясы қағидатының қолданылуын түсіндіру	Кейстерді шешу: білім алушылар жағдаят жазылған карточканы алады. Тапсырма: кінәсіздік презумпциясы принципінің бұзылған-бұзылмағанын анықтау, дәлелдер келтіру.		20.10	21.10
5	Президенттің, Үкіметтің, Құрылтайдың және соттың	Құқықтық мемлекет құрудағы мемлекеттік билік органдарының маңызын анықтау	Шығармашылық тапсырма: «Биліктің визиттік карточкасы» Білім алушылар 4 топқа бөлініп, мемлекеттік билік органдарының біреуі туралы ақпаратты		10.11	11.11

	құқықтық мемлекеттегі рөлі қандай?		шығармашылық түрде дайындайды және таныстырады. «Бұл мемлекеттік орган ел үшін неліктен маңызды?» деген сұраққа жауап береді.			
6	Неліктен мемлекетте үш билік тармағы бар?	Билік тармақтарының өзара байланысын түсіндіру	Сынып билік тармақтары бойынша үш топқа бөлінеді. Әр топ өзіне тиесілі билік тармағы туралы ақпарат дайындайды, Білім алушылар «Ажурлы ара» әдісін қолданып, бір-бірін жұмыс нәтижелерімен таныстырады		24.11	25.11
7	Өз құқықтарыңды заңды жолмен қалай қорғауға болады?	Нақты жағдаятта (мектепте, үйде, қоғамда) өз құқықтарын қорғау үшін мемлекеттік органдарға жүгіну алгоритмін құрастыру.	Мәселені шешу (мысалы, мектептегі құқықтардың бұзылуы жағдайында)бойынша іс-әрекеттердің қадамдық алгоритмін (чек-парақ) құрастырады Оған мектеп омбудсменінің, сенім телефоны 111-дің және сынып жетекшісінің байланыс ақпараттарын енгізеді.		08.12	09.12
8	Қоршаған ортаға зиян келтірген адамдар заң алдында қандай жауапкершілікке тартылады?	табиғат пен адамдардың денсаулығын заң қалай қорғайтынын нақты мысалдар арқылы көрсету	Ұсынылған экологиялық құқық бұзушылықтарға қатысты кейстерді талдайды, құқық бұзушыға қандай жауапкершілік көзделетінін анықтайды және құқық бұзушылықтың алдын алу жолдарын ұсынады.		22.12	23.12
9	Құқықтық практикум:	Құқықтық және функционалдық сауаттылық дағдыларын қолдану	«Топжарған» – өтілген барлық тақырыптарды қорытындылауға арналған командалық ойын сабағы.			

	«Өзімнің құқығымды қорғаймын»					

3-параграф. Күтілетін нәтижелер

12 Күтілетін нәтижелер. Курс соңында білім алушылар:

– Конституцияның мемлекет пен қоғам өміріндегі маңызын түсінеді;

– Конституцияда бекітілген негізгі құқықтары мен міндеттерін біледі;

– құқықтық жағдаяттарды талдайды;

– Конституция нормаларын қолдана отырып өз пікірін дәлелді түрде жеткізе алады;

– қоғамдық өмірге жауапкершілікпен қарайды (мектептегі іс-шараларға қатысады, мінез-құлық қағидаларын сақтайды);

– нақты өмірлік жағдайларда құқықтық және функционалдық сауаттылық дағдыларын қолданады.

4-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

13. Курсты оқытуда білім алушылардың жас ерекшелігіне сәйкес келесі оқыту тәсілдері қолданылады:

– Конституция нормаларын құқықтық жағдаяттарды, тапсырмаларды шешуге қолдану;

– Конституция нормаларын күнделікті өмірде рөлдік ойындар мен жағдаяттарды модельдеу арқылы көрсету;

– топтық және жұптық жұмыс арқылы ынтымақтастықта оқыту;

– ақпаратты іздеу және өңдеу үшін цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын (білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып) пайдалану ;

– білім алушылардың дайындық деңгейі мен ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, сараланған тапсырмаларды қолдану;

– тапсырмаларды орындаудың әртүрлі тәсілдерін (ауызша, көрнекі, практикалық, цифрлық)таңдауға мүмкіндік беру.

14. Оқу нәтижелерін бағалау білім алушылардың іс-әрекетін бақылау, олардың практикалық тапсырмаларға, кейстерге, талқылауларға және басқа да белсенді жұмыс түрлеріне қатысуы негізінде жүзеге асырылады.